

Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1796. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1660 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппараты қызметкерлерінің саны шегінде 71 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, соның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 13 адам алқа ұстауына рұқсат берілсін.
3. Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.
4. "Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 1 қыркүйектегі N 976 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармағында "және оның аппаратының құрылымын" (N 2 қосымша) сөздері алынып тасталсын;

7-тармағының және "Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы" туралы 2-қосымшасының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1796 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі
министрлігі орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Энергетика басқармасы

Көмір және атом өнеркәсібі басқармасы

Экономикалау басқармасы

Ғылыми-техникалық прогресс бөлімі

Инвестициялық саясат бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Кадр бөлімі

Режим және әскери-жұмылдыру жұмысы жөніндегі бөлім

Аппараттың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма